

Келісілді
Әдістемелік кабинеттің меңгерушісі
_____ Т.Алшынбаева

« 31 » _____ 08 _____ 2023 ЖЫЛ




Бекітемін
Білім бөлімінің басшысы
_____ Қ.Ахметов

_____ 2023 ЖЫЛ


Қосшы қаласы бойынша мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбие және оқыту жұмыстары бойынша жұмыс ЖОСПАРЫ

/2023-2024 оқу жылы/



Қосшы қаласы білім
бөлімінің әдістемелік
кабинеті

Қосшы қаласы
2023 жыл



**"Қосшы қаласы бойынша білім бөлімі" ММ әдістемелік
орталығының мектепке дейінгі тәрбие және оқыту бойынша
әдістемелік жұмысының жылдық жоспары**

ТӘРБИЕЛЕУ-ОҚЫТУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түсіндірме жазба

Қосшы қаласындағы білім беру жүйесінің алдына көптеген міндеттер қойылған, олардың әрқайсысы өте маңызды және арнайы ресурстар мен бақылауды қажет етеді. Мектепке дейінгі білім беру ұйымы жұмысының көрсеткіші оқу жылы барысындағы нәтижелерге, қорытынды аттестаттауға, шығармашылық конкурстарға қатысу нәтижелеріне тікелей байланысты.

ҚР "Білім туралы" Заңына сәйкес аудандағы мектепке дейінгі білім беру мекемесінде тиісті педагогикалық білімі бар педагогтар педагогикалық қызметті жүзеге асыра алады. Білім беру жүйесін дамыту, оның ішінде сапаны арттыру педагогтің кәсіби даму проблемасымен тікелей байланысты. Сондықтан да әдістемелік қызметтің рөлі жоғары.

Мақсаты – мектепке дейінгі ұйым педагогтарының кәсіби құзыреттілігін мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша тәрбие-білім беру процесін ғылыми-әдістемелік және дидактикалық қамтамасыз етуді жетілдіру жағдайында тұлғаға бағытталған тәсілді, қазіргі жағдайда білім беру сапасын арттыру факторын іске асыру арқылы дамыту.

Міндеттері:

- мектепке дейінгі білім беруді, көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасын арттыру;
- мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілік деңгейін арттыру;
- дамушы педагогикалық технологияларды меңгеруде мектепке дейінгі ұйым педагогтарының әдістемелік деңгейін жетілдіру;
- пәндік-дамыту ортасын жаңарту, мектепке дейінгі ұйымдардағы балаларға қолайлы жағдайлар жасау жөніндегі жұмыстарды жалғастыру;
- мектепке дейінгі ұйымдарындағы үздік педагогтардың тәжірибесін анықтау, зерделеу, жинақтау және тарату бойынша жұмыстарды жалғастыру;
- мектепке дейінгі білім беру сапасына мониторинг жүргізу жүйесін жетілдіру;
- мектепке дейінгі ұйымдардың педагогикалық ұжымдарының даму мониторингі жүйесін жетілдіру;
- отбасы, балабақша, мектеп және қоғамның өзара іс-қимыл жолдарын жетілдіру.

1. Ұйымдастырушылық-әдістемелік қызмет

№	Қызмет мазмұны	Жауапты орындаушы	Мерзімі	Күтілетін нәтиже
1.	Қосшы қаласы білім бөлімінің мектепке дейінгі ұйымдарының 2023-2024 жылдарға арналған жоспарын бекіту.	Мейрманова Гаухар Кабжаппаровна	Қаңтар	Жоспар
2.	"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының" жаңартылған үлгісі бойынша онлайн шеберлік сағатын ұйымдастыру. (Облыстан тәжірибелі әдіскерді тарту)	Мейрманова Гаухар Кабжаппаровна	Ақпан	Жоспар
3.	Балабақшалар мен шағын орталық тәрбиешілеріне арналған «Ойын – ойды өсіреді» атты аудандық шеберлік сағатын өткізу.	«Алтын дән» МКҚК балабақшасы	Қаңтар	Ойын түрлері көрсетілген шағын кітапша даярлау.
4.	Балалардың жасына сәйкес білімдері мен дағдыларының дамуын қадағалау бойынша бастапқы, аралық, қорытынды бақылау нәтижелерін жинақтау.	Меңгерушілер, әдіскерлер	Қыркүйек, қаңтар, мамыр	Анықтама
5.	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының жылдық жұмыс жоспарын жинақтау.	Меңгерушілер, әдіскерлер	Қаңтар	Жоспар
6.	Оқу-әдістемелік кабинетінің сайты үшін ақпараттық-педагогикалық материалдарды дайындау (бейне-сабақтар және т. б.)	Меңгерушілер, әдіскерлер	Жыл бойы	Ақпараттық мақалалар
7.	"Жаңа бастау" газеті және басқа да мерзімді баспасөз беттерінде мектепке дейінгі ұйым педагогтарының жарияланымдарын орналастыру және мониторингілеу	Меңгерушілер, әдіскерлер	Жыл бойы	Мақалалар

8.	Ақмола облысы ОӘК хаттары бойынша мәліметтерді дайындау	Мейрманова Гаухар Кабжаппаровна	Жыл бойы	Ақпарат
9.	«Әдістемелік күндер» (Қосшы қаласындағы мектепке дейінгі ұйымдарға әдістемелік қолдау көрсету)	Мейрманова Гаухар Кабжаппаровна	Жыл бойы	Анықтама
10.	Ақмола облысының ОӘК өткізетін іс шараларға қатысу.	Қалалық, білім бөлімінің әдіскері, аудандағы мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары мен әдіскерлері және тәрбиешілері	Жыл бойы (ОӘК жоспарына сәйкес) әдістемелік ұсынымдар	Анықтама
11.	Облыстық тамыз конференциясы шеңберінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің педагогикалық қызметкерлерінің секциясына қатысу.	Тамыз (ОӘК жоспары бойынша)	Қосшы қаласы білім бөлімінің мамандары, Балабақша меңгерушілері, әдіскерлер, тәрбиешілер	Жоспар
12.	«Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру» тақырыбында оқыту семинар-практикумы	Наурыз	«Сұлу-Ай» бөбекжайы МКҚК	Бұйрық, бағдарлама, сертификат
13.	МДҰ әдіскерлері мен тәрбиешілерінің біліктілікті арттыру курстарына қатысуын қадағалау.	Жыл бойы	Білім бөлімінің мамандары	Бұйрық, сертификат, диплом.
14.	«Аналар мерекесі», «Наурыз» ұлттық мейрамына байланысты іс-шаралар	Наурыз	Балабақша жоспары бойынша	
15.	Мектепке дейінгі ұйым педагогтарының біліктілігін арттыру бағытындағы жұмыстар мен аттестациялауға қатысты семинар-кеңес өткізу.	Мамыр	«Алема» балабақшасы	
16.	«Қош бол, балабақшам!» ертегілігі	Мамыр	Балабақшалар	

17	«Бақытты балалық шақ» (1-маусым балалар күніне арналған іс-шаралар)	Маусым	Балабақшалар	
18.	МДҰ педагогтарының аудандық, облыстық тамыз кеңесіне қатысуын жоспарлау.	Тамыз	Қосшы қаласы білім бөлімі, балабақшалар	
19	2023-2024 оқу жылына арналған жоспарды бекіту.	Тамыз	Қосшы қаласы білім бөлімі, балабақшалар	

2. БАЙҚАУЛАР, КОНКУРСТАР, ФЕСТИВАЛДЕР

№	Атауы	Мерзімі	Жауаптылар	Іс-қағаз
1.	Облыстық «Ең үздік әдіскер» байқауының аудандық кезеңі	Қаңтар	Меңгерушілер, әдіскерлер	Байқау ережесі, бұйрық, әлеуметтік желілерде жарияланым жасау.
2.	«Кітап – біздің досымыз» атты креативті кітапхана бұрышының жарысы (аудандық жарыс онлайн өтеді)	Қаңтар	Меңгерушілер, әдіскерлер	Байқау ережесі, бұйрық, әлеуметтік желілерде жарияланым жасау.
3.	Облыстық «Ең үздік мектепке дейінгі ұйым» байқауының аудандық кезеңі.	Ақпан	Меңгерушілер, әдіскерлер	Байқау ережесі, жарияланым
4	«Ең үздік сайт» мектепке дейінгі ұйымдар арасындағы ауданаралық сайыс	Ақпан	Қосшы қаласы білім бөлімі, балабақшалар	Байқау ережесі, жарияланым
5	"Мен табысты тәрбиешімін" аудандық қашықтан бейнероликтер байқауы	Наурыз	Қосшы қаласы білім бөлімі, балабақшалар	Байқау ережесі, бұйрық, әлеуметтік желілерде жарияланым жасау.
6	"Үздік авторлық бағдарлама" аудандық байқауы (онлайн)	Сәуір	Қосшы қаласы білім бөлімі, балабақшалар	Байқау ережесі, бұйрық, әлеуметтік желілерде жарияланым жасау.

7	«Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру» аудандық оқыту семинар-практикумы.	Наурыз	«Еркемай» балабақшасы	Бұйрық, бағдарлама, сертификат
---	---	--------	-----------------------	--------------------------------